



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
01 № 17.02.2020г

Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді дамыту мен оның перспективалары туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді дамыту мен оның перспективалары туралы» ақпаратты тыңдап, талқылағаннан кейін «Нұр-Сұлтан қаласының мәдениет және спорт басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді дамыту бойынша жүргізіп жатқан жұмысына тоқталды.

Ағымдағы жылдың бас кезіндегі жағдай бойынша Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдары – 35, олардың арасында мәдени ұйымдар – 17, спорттық ұйымдар – 18. Олардың ішінде: мемлекеттік кәсіпорындар – 18, коммуналдық мемлекеттік мекемелер – 16, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер – 1.

Мемлекеттік басқару органы Мәдениет және спорт басқармасы болып табылатын мәдени және спорттық ұйымдар желісі мынадай.

Мәдени нысандардың жалпы саны – 66 бірлік. Соның ішінде: кітапханалар – 20, клубтар мен мәдениет үйлері (сарайлар) – 7, музейлер – 5, театрлар – 8, кинотеатрлар – 8, галереялар – 4, цирк – 1, саябақтар – 8, концерттік ұйымдар – 3, басқалары – 2.

Спорттық нысандардың жалпы саны – 794 бірлік. Соның ішінде: 1500 немесе одан да көп орындығы бар стадиондар – 4, спорт сарайлары – 5, спорттық ғимараттар кешені – 2, құрама командаларға арналған оқу-жаттығу орталықтары – 2, спорт кешендері – 15, спорт манеждері – 6, тау шаңғысы базасы – 1, есу базасы – 1, есу арнасы – 1, ату тирлары – 21, ату алаңы – 1, велотрек – 1, коньки тебу стадионы – 1, хоккей корты – 26, жазық құрылымдар – 362, теннис корты – 40, 200 және одан да көп орындығы бар ипподромдар – 3, жүзу бассейндері – 24, спорт залдары – 230, жапсарлас салынған залдар – 48.

Мәдениет және спорт саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыландыру көлемі 2019 жылы 20 311,7 млн. теңгені құрады. 2019 жылы орындалуы – 100% құрады.

Өткен жылы **7 894** мәдени іс-шаралар өткізілді, қызметтерді тұтынушылар саны **4 465 344** адамды құрады, сондай-ақ **750** спорттық іс-шараларға **871 851** адам қатысты. Балалар мен жастардың бос уақытын өткізуде ЭКСПО аумағында, «Қазақ елі» алаңында, әкімдік алдындағы қалалық алаңда, Ботаникалық бақтың аумағында, «Жастар» сарайы, «Астана» спорт кешені алдында мұз қалашықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ цирк бағдарламалары, жаңа жылдық қойылымдар, ертеңгіліктер мен қала театрларындағы ертегілер ең қызықты әрі тартымды болды.

Қысқы демалысты ұйымдастыратын жерлерде тюбингтер, шаңғылар, конькилер, ит шанамен серуендеу, қарда жүру және қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін жалға беру қызметтері ұсынылған. Қаланың «Астаналық», «Жерұйық» және «Студенттік» саябақтарында жаз айларында дәстүрлі түрде «Саябақтың жеті кереметі» іс-шарасы өтеді. Іс-шара бағдарламасында аниматорлардың, суретшілер мен акробаттардың қойылымдары бар. Жаз айларында, дәлірек айтсақ 2019 жылғы 1 маусымнан 6 шілдеге дейін «Интернациональный», «Үркер», «Железнодорожный», «Көктал-1», «Промышленный», «Казгородок», «Пригородный», «Өндіріс», «Мичурино» тұрғын алаптарында әр жексенбіде қазақстандық суретшілер мен елорданың шығармашылық топтарының қатысуымен «Думанды Сарыарқа» концерттері өткізілді.

Шығармашылық қабілеті бар жастарды дамыту, сонымен қатар балалар мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру «Astana Piano Passion» жас пианистердің халықаралық конкурсы, «Жас қанат» жас орындаушылардың ұлттық конкурсы, International Street Dance Session in Astana халықаралық көше билері фестивалі, «Шаттық» балалар шығармашылығының халықаралық фестивалі, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Шекарасыз шығармашылық» фестивалі, «Қазақ аруы» сұлулық байқауы, «Өнер Барысы» іс-шарасы, «Көңілді тапқырлар алаңы» концерті, «Аялаған Астана» телевизиялық байқауы, «Жастық оты жалындап» республикалық мүшәйрасы, Ұлттық Домбыра күні аясындағы іс-шаралар, халықаралық «Еуразия Кубогы» КВН ойыны, ROCK-Fest заманауи музыка фестивалі, DJ-Fest, HIP-HOP-Fest, K-POP Festival, есту қабілеті нашар жас дарындыларға арналған «Ишарамен ән айту» қалалық ән-жыр фестивалі, авторлық әндер фестивалі, «Балбөбек» балалар шығармашылығының қалалық ашық конкурсы және басқалар сияқты танымал іс-шараларды өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Елорда тұрғындары мен қонақтарының мәдени және спорттық өмірін байытуға театр және концерттік мәдени мекемелердің, Елорда циркінің, музейлердің, кітапханалардың және спорт мекемелердің қызметі ықпал етеді.

Музыкалық өнердің барлық жанрлары әлі де Мемлекеттік академиялық филармонияның репертуарындағы тепе-теңдікті сақтауға ықпал ететін афишада ұсынылған. 2019 жылы 680 концерттік іс-шара өткізіліп,

2 155 034 көрерменге қызмет көрсетілді. Олардың ішінде, Жастар жылы аясында 108 концерт және жақын және алыс шет елдерде (Катар, Оман, Түркия, Қытай, Голландия, Бельгия, Украина, Болгария, Сербия, Черногория, Хорватия, Беларусь, Ресей, Франция, Қырғыз Республикасында), сондай-ақ еліміздің өңірлерінде (Қарағанды, Қостанай, Алматы, Ақтау, Өскемен, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда облыстары) өткізілген түрлі фестивальдар мен байқаулар.

Тұрақты комиссия Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты дамыту бойынша қабылданған шараларға қарамастан бірқатар жүйелік проблемалар байқалатынын атап өтті. Жаппай бос уақытты өткізуді дамытудың бірыңғай тұжырымдамасы жоқ. Елордада өткізілетін іс-шаралар көбінесе бір реттік сипатта болады, олардың кейбіреулері мән-мағынасыз. Көшіріп алынған әрекеттердің болуы мәдени-шығармашылық бағыттың ой-өрістік жағын едәуір тарылтады. Қаладағы өзекті мәселелердің бірі – тұрғын алаптарында бақтардың, саябақтардың, спорт алаңдарының болмауы. Елорданың кейбір мәдени нысандарының нашар жағдайда болуы да алаңдаушылық туғызады. Барлық халықтың арасында бұқаралық спорт және дене шынықтыру жеткіліксіз дамыған. Тұрғындардың көпшілікке танымал спорт түрлерімен айналысуына жағдай жасалмаған. Спорт секциялары мен үйірмелерінің бағалары қымбат болғандықтан олар көптеген балаларға қолжетімсіз. Егде жастағы адамдардың бос уақыттарын өткізуге мән берілмейді, дене шынықтыру және спорт арқылы халықты сауықтыруға және профилактика жүргізуге арналған бағдарламалар жоқ. Бүгінге дейін «Мәңгілік Ел» аркасын күрделі жөндеу мәселесі шешілмеген, бұл қалалық мәслихаттың осы мәселе бойынша қаулысының орындалмағандығының дәлелі. Елордада өнер мен мәдениеті саласында кадрлар жетіспейді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қала тұрғындарының мәдени-тынығу қызметін ұйымдастыруда бірқатар шешілмеген мәселелер бар екендігін және оларды осы бағыттағы жұмысты ұйымдастыруға қолайлы жағдай туғыза отырып, кешенді тәсілмен шешу қажет екендігін аңғарамыз.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Нұр-Сұлтан қаласының мәдениет және спорт басқармасы» ММ «Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді дамыту мен оның перспективалары туралы» ақпараты назарға алынсын.

1. Нұр Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді одан әрі дамыту жұмыстарын жаңа сапалы деңгейге көтеру;

алдағы үш жылға елордадағы жаппай бос уақытты өткізудің бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу;

мәдениет, бұқаралық спорт саласындағы проблемалық мәселелерді халықтың барлық топтарының, оның ішінде балалар, жасөспірімдер, жұмыс істейтін және оқитын жастар, зейнеткерлер және мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктерін ескере отырып шешуді жан-жақты қарастыру;

«Мәңгілік Ел» аркасын күрделі жөндеу мәселесін шешу;
елорданың кітапхана жүйесін перспективалық дамыту үшін
халықаралық тәжірибені енгізу, сонымен қатар кітапхана қорының әлемдік
базаларына онлайн режимде қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
елорданың кітапхана қорын қазақ тіліндегі әдеби шығармалармен
толықтыру туралы мәселені пысықтау;
елордалық тұрғын мәдениетін насихаттау және енгізу;
әлемдік астаналардың халықаралық тәжірибесін қолдана отырып,
қалалық жағажай салу мүмкіндігін қарастыру;
«Жастар» театры мен Елорда циркінің жөндеу жұмыстарын аяқтау
туралы мәселені пысықтау.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының мәдениет және спорт басқармасы»
мемлекеттік мекемесіне ұсынылсын:

«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің
перспективалық дамуы туралы кеңейтілген ақпарат беру;

елорданың мәдени нысандарына мектеп оқушылары барған кезде
жеңілдіктер қарастыру;

ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейін қалалық мәслихаттың
отырысында мәселені қайта қарау үшін қалалық мәслихат депутаттарының
айтылған ескертулерін ескере отырып, жиынтық ақпарат дайындау.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шайдаров